

Құрметті тұтынушылар!

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №143 бұйрығының күшіне енуіне байланысты электр желілеріне қосылуға техникалық шарттарды беру регламентіне келесі өзгерістер енгізілді:

Электр желілеріне жалғануға техникалық шарттар тұтынушыға осы қағиданың қосымшасына сәйкес түрдегі өтінім негізінде беріледі.

Өтінімге төмендегі құжаттар қоса ұсынылады:

- 1) Жеке тұлға үшін жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың немесе жеке кәсіпкер куәлігінің көшірмелері;
- 2) ситуациялық жоспар;
- 3) өздігімен немесе сараптама ұйымын жұмылдыру арқылы орындалған өтінім берілетін электрлік қуатты есептеу-негіздемесі;
- 4) электрмен жабдықтау объектісіне құқық белгілейтін құжаттар;
- 5) электр қондырғыларының есептік қуаты 5 мВт және одан жоғары тұтынушылар өтінімге жобалық қызмет түрімен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалық ұйым әзірлеген тұтынушыны электрмен сырттай жабдықтау схемасын қоса ұсынады. Тұтынушыны электрмен сырттай жабдықтау схемасы электрлік желілеріне жалғану жоспарланатын энергия беруші және/немесе энергия өндіруші ұйыммен келісіледі.

Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйым жалғануға техникалық шарттарды келесі жағдайларда береді:

- 1) энергия беруші (энергия өндіруші) немесе энергия өндіруші ұйымның электр желілеріне жаңа енгізілген немесе жаңартылған электр қондырғыларын қосу;
- 2) тұтынылатын электр қондырғысының қуатты бұрын берілген техникалық шартта белгіленген қуаттан артық пайдалануы;
- 3) электрмен сырттай жабдықтау схемасының өзгеруі;
- 4) тұтынушының электр энергиясы қабылдағыштарын электрмен жабдықтау сенімділігі санатының өзгеруі.

Тұтынушы толық ақпаратты ұсынған кезде техникалық шарттарды беру мерзімдері:

- қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларына 5 жұмыс күнінің ішінде;
- қуаты 200 кВт – 1000 кВт аралығындағы электр қондырғыларына 10 жұмыс күнінің ішінде;
- қуаты 1000 кВт жоғары электр қондырғыларына 15 жұмыс күнінің ішінде.

Уважаемые потребители !

В связи с вступлением в силу Приказа Министра энергетики Республики Казахстан от 25 февраля 2015 года №143 в регламент выдачи технических условий на присоединение к электрическим сетям внесены следующие изменения:

Технические условия на присоединение к электрическим сетям выдаются потребителю на основе заявки по форме согласно приложению к настоящим Правилам.

К заявке прикладываются:

- 1) Копия документов, удостоверяющего личности для физического лица или копии справки о государственной регистрации юридического лица или свидетельство индивидуального предпринимателя;
- 2) Ситуационный план;
- 3) Расчет-обоснование заявления заявляемой электрической мощности, выполненной самостоятельно или привлечением экспертной организации
- 4) Копия правоустанавливающие документы на объект электроснабжения;
- 5) Потребители с расчетной мощностью электроустановок 5МВт и более к заявке прикладывают схему внешнего электроснабжения потребителя, разработанную специализированной проектной организацией, имеющей лицензию на занятие проектной деятельностью. Схема внешнего электроснабжения потребителя согласовывается с энергопередающей и/или энергопроизводящей организацией, к электрическим сетям которой планируется подключение.

Технические условия на присоединения выдаются энергопередающей или энергопроизводящей организацией в следующих случаях:

- 1) подключения вновь вводимых или реконструируемых электроустановок к электрическим сетям энергопередающей (энергопроизводящей) организации;
- 2) увеличения потребляемой электротехнической мощности сверх в ранее выданных технических условиях;
- 3) изменения схемы внешнего электроснабжения;
- 4) изменения категории надежности электроснабжения приемников электрической энергии потребителя.

Сроки выдачи технических условий при предоставлении потребителем полной информации:

- мощностью до 200 кВт – 5 рабочих дней;
- мощностью выше 200 до 1000 кВт – 10 рабочих дней;
- мощностью выше 1000 кВт– 15 рабочих дней.